

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы Темір ауданының білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің «Қарлығаш» бөбекжай-балабақшасы»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны бойынша
өзін-өзі бағалау өткізу нәтижелерінің
АНЫҚТАМАСЫ**

1. Білім беру ұйымы туралы жалпы сипаттамасы



1.1. Білім беру ұйымының толық атауы: «Ақтөбе облысының білім басқармасы Темір ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Қарлығаш» бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны (бұдан әрі – МДҰ).

Білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекенжайы және нақты орналасқан жерінің мекенжайы): Ақтөбе облысы, Темір ауданы, Шұбарқұдық ауылдық округі. Шұбарқұдық кенті, Жамбыл көшесі, №124Д үй

1.2. Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, web-сайт)
Тел/факс: 8(713 46)2-23-13

Эл. поштасы: info@karlygash-temir.edu.kz

Веб- сайты: <https://karlygash-temir.edu.kz>

Инстаграмм парақшасы: [karlygashbalabakshasy](https://www.instagram.com/karlygashbalabakshasy)

Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының Т.А.Ә., лауазымға тағайындау туралы бұйрық) Куркембаева Гулназ Базарбаевна конкурстық процедурамен меңгеруші тағайындалғанға дейін 18.10. 2022ж. Темір аудандық білім бөлімі басшысының №347 бұйырығы негізінде (меңгеруші міндетін атқарушы)

1.3. Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары: (заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу туралы анықтамасы/куәлігі және Жарғы) Ұйымның Жарғысы – «Ақтөбе облысының қаржы басқармасы» ММ 2021 жылғы 09 шілде № К-90 бұйырығымен бекітілген; «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамның Ақтөбе облысы бойынша филиалының Темір аудандық тіркеу және жер кадастры бөлімі заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеуі 2021 жылғы 28 шілдеде жүргізілген.

Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті орган «Ақтөбе облысының қаржы басқармасы» ММ болып табылады.

1.4. Рұқсат беру құжаттары: (білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талон) №27 серия АБ №01566315 – 14.03.2011 жыл. №КЗ71RVK00030831, берілген күні: 01.02.2021 жыл.

2.Кадрлық құрамға талдау

Қазіргі уақытта балабақшада 9 педагог жұмыс жасайды.Мектепке дейінгі педагог қызметкерлердің штаттық кестесі ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы №77 қаулысымен бекітілген мектепке дейінгі ұйымдардың үлгі штаттық кестесіне сәйкес жасалған және аудандық білім бөлімі тарапынан бекітілген.Мектепке дейінгі ұйымда кадрлар тұрақты.

2022-2023 оқу жылында 9 педагог жұмыс жасайды.

Оның ішінде: Жоғары білімді –7 (77.7%);

Арнаулы орта білімді - 1(11.1%);

Аяқталмаған жоғары – 1(11.1%);

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша -7(77.7%);

Жоғары санатты – жоқ

Бірінші санатты -1(11.1%);

Екінші санатты – 3(33.3%);

Педагог – зерттеуші -1(11.1%);

Педагог-модератор – 1(11.1%);

Санаты жоқ – 3(33.3%).

Жаңартылған бағдарлама-1(11.1%)

Қазіргі таңда «Қарлығаш» бөбекжай-балабақшасында 6 тәрбиеші,1 психолог, 1 музыка жетекшісі және әдіскер жұмыс жасайды.

Педагогтардың білімі туралы мәлімет

Оқу жылдары	Барлық педагогтар	Мектепке дейінгі жоғарғы білім	Жоғары пед.білім	Мектепке дейінгі арнаулы орта білім	Арнаулы орта білім	Педагогикалық білімі жоқ
2020-2021	10	6(60%)		4(40%)		
2021-2022	10	9(90%)		1(10%)		
2022-2023	9	7(77.7%)		2(22.2%)		

Біліктілік санаты бойынша кадрларға мінездеме

Оқу жылдары	Педагогтар саны	Жоғары	I	II	Педагог-зерттеуші	Педагог-сарапшы	Педагог-модератор	Санаты жоқ
2020-2021	10		3(30%)	4(40%)	-	-	-	3(30%)
2021-2022	10		2(20%)	4(40%)	1(10%)			3(30%)
2022-2023	9		1(11.1%)	3(33.3%)	1(11,1%)		1(11.1%)	3(33.3%)

Курстан өту

Оқу жылдары	Педагогтар саны	«Өрлеу» БАҰО	«Педагогикалық шеберлік»	Инклюзивтік білім беру	Басқа курстар
2020-2021	10		2(20%)	1(10%)	
2021-2022	10	2(20%)	1(10%)	1(10%)	
2022-2023	9		1(11.1%)		

Штаттық кесте

Мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық ұжымы 2022 жылғы қыркүйек айында 10 педагог болды. Қазан айында мамандардың жұмыстан босатылуына байланысты қазіргі кезде 9 педагог бар. Әдіскер лауазымындағы педагог меңгеруші қызметін уақытша атқарып отыр. Оның ішінде: меңгеруші, әдіскер - 1, педагог-психолог – 1, музыкалық жетекші - 1, тәрбиешілер – 6. Кадрлармен толықтыру штат кестесіне сәйкес жүргізіледі. Меңгеруші лауазымы бос тұр.

Бекітемін: 
"Темір аудандық білім
бөлімі" ММ басшысы
Өсербаев А.М.
"01" қыркүйек 2022 ж.

"Қарлығаш" балабақшасының штаттық кестесі

р/с	Лауазымның атауы	штат бірлігін ің саны	лауазымд ық жалақы	түзету коэфф.қо са	25%	20%	қосымша			Барлығы
							түнгі ауысым	зиян(з алал)	10%	
1	Меңгеруші	1	101581	177767	44442	44442			22221	288871
2	Педагог-психолог	0,5	32828	57449	14362	14362			7181	93355
3	Әдіскер	0,5	41499	72623	18156	18156		36312	9078	154325
4	Тәрбиеші	6	431982	755971	188993	188993			94496	1228454
5	Музыка жетекшісі	0,75	59860	104755	26189	26189			13094	170227
6	Мед.бике	0,5	30527	59528	14882	14882			7441	96733
	Аспаз	1,5	77513	95341		19068			9534	123943
8	Тәрб.көмекшісі	3	166353	204614		40923		15927	20461	281925
9	Кір жуу маш. Операторы	1	50259	61819		12364			6182	80365
10	Кастелянша	0,5	24864	30583		6117			3058	39758
11	Шар.меңгерушісі	0,5	29289	36025		7205			3603	46833
12	Бұхгалтер	0,5	30970	38093		7619			3809	49521
13	Ас үй жұмысшысы	0,5	24864	30583		6117			3058	39758
14	Ғимарат.кешенді жұмыс жас.ж/е жөнд.жұмысшы	1	50260	61820		12364			6182	80366
15	Күзетші	3	147063	180885		36177	44118		18089	279269
	Барлығы:	20,75	1299712	1967856	307024	454976	44118	52239	227488	3053701

Меңгеруші:

Нурғалиева Н

Бүхгалтер:

Тажиббаева Г

Бөхтөмөн: 10
"Темір аудандық балалар
бөлімі" ММ басшысы
Өсербазе А.М.

“Қарлығаш” балабақшасы бойынша
2022 жылдың 18 қазан жасалған
Тарификациялық тізім
Шұбарқұдық к.

№	Аты, жөні	ЖСН	Ақпараттық көлемі	Әлемі	Елбасы етімі		Барлық сәулеті	стүлген	сәулеті Т. 0430	500	сәулеті бу көзф. 13	Дәулетмәлі мақалы 1,75; 9,5; 7,1	түпкілік көзф. 13	205%	қосым сәулет, аула а. жалпы	қосымша тейлемдер				Барлық жалпы (теңге)	Барлық қалың (теңге)		материалдық қимы	
					жалпы	мд										10%	УСІМ АҚ 40%	20% экот	түпкі ауысы		ЖБ	РБ	ЖБ	РБ
2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20	21	22	23	24	25	26
1	Жұртбайбаев	8304154000759	Әділхас	жарығы	14д/7а	14д/7а	0,5	83-1	17692	1,45	40261	70456	17614	88070	8807	17614			114491	84296	30195	176140	115750	80390
2	Жұртбайбаев	8605124000095	Әділхас	жарығы	14д/7а	14д/7а	0,5	83-3	17692	1,45	40261	70456	17614	88070	8807	17614			114491	84296	30195	176140	115750	80390

Балабанова монғолууды м.а.

Ecenwi:

Мурталина Г.

Азизбаева Г.

2 қосымша сайтқа жүктелді <https://karlygash-temir.edu.kz>

3.Тәрбиеленушілер контингенті

3.1.Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды ескере отырып жас топтарының толықтығы туралы мәліметтер:

2020-2021,2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарында инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілер болған жоқ.

3.2.Білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру туралы мәліметтер.

ҚР Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы №499 «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» қаулысы және «ҚР Үкіметінің 2014 жылғы 09 маусымындағы №633 «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес» «Қарлығаш» бөбекжай-балабақшасы» мектепке дейінгі ұйымына балалар қабылдау жұмысы жүргізілген. Балабақшаға тәрбиеленушілер контингенті балабақшаға жолдаманы eaktobe.kz мемлекеттік қызметтер алудың бірінші орталығы арқылы алады. Алған жолдамаларды ата-аналар немесе заңды өкілдері www.egov.kz сайты арқылы өтініш бере отырып, түскен өтініштер <https://es.iac.kz> жүйесі арқылы қабылданады. Балабақшаға келген ата-ана немесе заңды өкілдер электронды өтініштері, балабақшамен келісімшарт толтырылған. Шартта мекеменің және ата-ананың міндеттері мен құқықтары көрсетілген. Сонымен қатар онда баланың мектепке дейінгі ұйымға бару тәртібі, тамақтану жиілігі, қосымша білім беру, сауықтыру қызметтерін көрсету деңгейі және ұсыну мерзімі, баланы күтіп-бағу ақысының мөлшері және өзге де шарттар айқындалған. Барлық құжаттар реттелген. Келген балалар құжаттарын қабылдау ережесі, балалар қозғалыс кітабы, жолдамаларын тіркеу журналы талапқа сай жүргізілген. Барлық құжаттар нөмірленген және тігілген.

3.3.Тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша мерзімдерін сақтау.

Балабақшаның құжаттарын зерттеу барысында балабақшаның тәрбиеленушілерінің үлгілік оқу бағдарламасында белгіленген әрбір білім саласы бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінде меңгерген тиісті білім, білік дағдылардың меңгерген көлемін көруге болады.

Бағаланған кезеңдегі балалардың оқу жылы кезеңінде ересек топтарынан шығарылған немесе қайта топпен қайталап оқытылған балалар жоқ.

3 қосымша сайтқа жүктелді <https://karlygash-temir.edu.kz/>

4.Оқу-әдістемелік жұмыс

4.1.Жұмыс оқу жоспарлары мен ұйымдасқан қызметтің МЖМБС талаптарына және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкестігі

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік оқу бағдарламасы) сәйкес құрылған оқытудың күтілетін нәтижелері түрінде ұсынылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі негізінде әзірленген,

мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мақсаты балалардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, олардың жан-жақты үйлесімді дамуы үшін жайлы, қауіпсіз жағдайлар жасай отырып және жаңартылған білім беру міндеттерін табысты іске асыруға ықпал ететін, кіріктіре оқыту идеялары бүгінгі күні өзекті болып табылады.

Балабақшаның жылдық жұмыс жоспары 2020-2021, 2021-2022, 2022-2023 оқу жылына арналған Әдістемелік нұсқаулық хатты басшылыққа ала отырып жұмыс жүргізілуде. Балабақшаның оқыту мен тәрбиелеу жұмысының жылдық жоспарлары педагогикалық кеңесте қаралып, талқыланып, ұжымның келісуімен бекітіледі. Балабақшаның биылғы оқу жылында алға қойған мақсаты: балалардың танымдық, интеллектуалдық, шығармашылық дағдыларын ойын арқылы дамыту және ұлттық мәдениетке баулу.

Жылдық жоспардың құрылымы:

I бөлім. Салауатты өмір салтын ұйымдастыру.

II бөлім. Кадрлармен жұмыс

III бөлім. Білім процесін ұйымдастыру

IV бөлім. Әлеуметпен жұмыс

V бөлім. Бақылау және басшылық.

Осы аталған бағыттар бойынша жұмыс жоспары жасалған. Балабақшадағы оқыту мен тәрбиелеу жұмысының жылдық жоспарын құруда әдістемелік жұмыстарды жетілдіру, оқыту-тәрбиелеу жұмысының мазмұнын жаңалау, баланың танымдық және дене дамуын диагностикалау, түзету жұмысын ұйымдастыру, оқытудың жаңа технологиясын қолдану, ата-аналармен тығыз қарым-қатынас орнату принциптері басшылыққа алынады. Балабақшаның қоғамдық ортамен бірлестігі, дамытушы ортаны құру, отбасымен серіктестік орнату, педагогтардың кәсіби өсуіне жағдай жасау, әдістемелік ұйымдастыру бағыты бойынша байқауларға қатысу, кәсіби біліктіліктерін көтеру міндеттері, сонымен қатар ата-аналармен жұмыс бағыты бойынша отбасында баланы тәрбиелеуде көмек көрсету, ата-аналарды білім беру үдерісіне тарту, педагог пен ата-ана арасында тиімді серіктестік құру.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын тиімді іске асыру мақсатында балабақшада білім беру процесі негізінде тәрбиешілер және басқа да педагогтар бірлесе отырып (музыка жетекшісі) перспективалық жоспарлары талапқа сай құрылған. Перспективалық жоспарлар балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып жасалған. 2020-2021, 2021-2022 оқу жылдарына барлық топтардың циклограммалары жазылған. Циклограмма - балалармен алдағы табысты жұмыстың мазмұнын, әдістері мен тәсілдерін таңдауға, жұмыс уақытын қолдануға нақты бағыт береді. Перспективалық жұмыс жоспарымен толық сәйкестікте жазылған. Циклограммада бекітілген ҰОҚ өткізілу барысы көрсетілген.

«Денсаулық» білім саласы бойынша: Сауықтыру жұмыстарын жүзеге асыру үшін қажетті жағдайлар жасалған. Жүйелі түрде балалардың ағзаларын шынықтыру ретінде-таңертеңгі жаттығу, серуенде қимылды ойындар, оқу қызметінде-сергіту сәттері өтіледі. Топтағы сауықтыру шараларына да көңіл бөлінеді: күндізгі ұйқыдан кейін тітіркендіргіш кілемшелермен жүру релаксациялар, тыныс алу жаттығулары, төсекте жатып орындайтын жаттығулар комплексі ұйымдастырылған. Қимылды ойын кешен (картотека), дидактикалық ойындар кешендері, бес сала бойынша кешендер, ұйқыдан ояну кешендері, төрт

жыл мезгіліне арналған серуен кешендер топтамасы күнделікті ұтымды пайдаланылады. Денешынықтыру бойынша оқу дағдыларын меңгертті. Тәрбие мен оқытудың мазмұнын іске асыруды балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оларды жан-жақты дамытуға, әлеуметтік дағдыларын және өз бетінше үйрену дағдыларын дамытуға бағытталған білім беру салаларының («Денсаулық», «Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет») мазмұнын кіріктіру қамтамасыз етілді.

«Таным» білім беру саласы бойынша: Балалар мен педагогтың арасындағы өзара байланысы өте тиімді әрі тәрбиелік мәні болды. Балалардың іс- әрекеттері, орындаған тапсырмасы сөйлеу, санау, ажырату арқылы жетік жеткізілді ұйымдастырылған оқу қызметін өткізіп, пішіндер, алыс-жақын ұғымдарын математикалық пішіндер арқылы таныстырып, қорытынды нәтижеге жетті. Жеке-топтық жұмыстарды да ұйымдастыра алды.

«Қатынас» білім беру саласы бойынша : Тәрбиешілер ұйымдастырылған оқу қызметінде сөздік қорларын, сөйлеуін дамыту, өлеңді жалғасытыру арқылы баланың сыни ойлау мен сөзшешендігіне дағдыландыруы. Суреттерді, заттарды қарау, жанды және жансыз табиғат нысандарын бақылау кезінде байланыстырып сөйлеу, өзіне таныс ертегілерді сахналауға және драмалық қойылымға қызығушылығы мен ынтасы сияқты оқу дағдыларын қалыптастырды.

«Шығармашылық» білім беру саласы бойынша: Балалар шығармашылық сабақтарда жеке және топтық жұмыстарды жасауда, дәстүрден тыс сурет салуда, музыка іс-әрекетінде ырғаққа сай қимылды ойындар ойнауда шығармашылық белсенділік танытты. Мамандар күтілетін нәтижелеріне жетті.

«Әлеумет» білім беру саласы бойынша: топ тәрбиешілері ұйымдастырылған оқу қызметтерінде тәжірибе сағаттарын өткізіп, бала қажеттілігін қанағаттандырды. Балаларды қоғамда өзін-өзі ұстай білудің адамгершілік нормаларын, сондай-ақ жалпы адамзаттық құндылықтарды, баланың ересектермен және құрбыларымен қарым-қатынас жасай білуін, дербестігін тәрбиелеуді, өзінің отбасы мен құрбыларына жақындық сезімін, оларға құрметпен қарауды, эмоционалды елгезектікті, жанашырлықты, қазақ халқының, сондай-ақ басқа халықтардың тарихын, мәдениетін білу мен құрметтеуге баулыды. Вариативтік компоненттік бағдарламасы әр оқу жылы бойынша бала қызығушылығына негізделі отырып жоспарланған. Барлық оқу жылы бойынша ата-аналармен жұмыс жүйелі түрде жүргізілгенін ұйымдастырылған іс-шаралар арқылы байқауға болады.

Мекемеде психолог қызметін Ж.С.Үмбетова атқарады. Үмбетова Ж.С.-білімі жоғары, мамандығы –«психология», педагогикалық жұмыс өтілі осы мекемеде -3 жыл. Балабақшада психологқа арнайы кабинет бөлінген. Кабинетте балалармен бақылау, түзету-дамыту жұмыстарын жүргізуге жағдай жасалған. Бақылау жұмыстары әңгімелесу, бала әрекетінің өнімдерін талдау, диагностикалық жағдаяттар арқылы жүзеге асырылған. Психодиагностика жұмысынан соң түзету, дамыту жұмыстары жүргізілген.

Мектепке дейінгі ұйым қызметінің мақсаты әрбір баланың шығармашылық, рухани дамуының мүмкіндіктері үшін қолайлы жағдай жасау, олардың табиғи дамуы мен жүйкесінің саулығын нығайту, баланың қабілеттігін олардың мүддесі мен ата-ананың сұраныстарына орай дамыту, балаларды мектепке оқуға дайындау болып табылады. 2022-2023 оқу жылы бойынша ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестесін құруда балалардың жас ерекшеліктері, оқу әрекетінің

мазмұны есепке алынған. Оқу жылының ұйымдастырылған жылдық жұмыс жоспары педагогикалық кеңесте қаралып, талқыланып, педагогикалық ұжымның келісімі бойынша балабақша меңгерушісімен бекітілген, ҚР МЖМБС талаптарына сәйкес жасалған. Балалардың жас ерекшеліктері ескеріле отырып, әртүрлі жастағы принцип бойынша қалыптасқан. Инвариативті және вариативті оқу қызметінде ауытқушылықтар жоқ. Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту, физикалық дамыту; коммуникативтік дағдыларды дамыту; танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту; шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту; әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру бағыттары арқылы іске асырылған. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті стандарты мен Үлгілік оқу жоспарына сәйкес Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнында: тәрбиелеу-білім беру процесінің міндеттерін іске асыру; ұйымдастырылған іс-әрекеттің мазмұны; білім беру іс-әрекетін тиімді кіріктіру; сабақтастық принциптерін, тәрбие мен оқытудың үздіксіздігін қамтамасыз ету; ұйымдастырылған іс-әрекеттің күтілетін нәтижелері қарастырыла отырып циклограмма әр аптаға құрылған, ол балаларды қабылдаудан бастап, түрлі балалар әрекеттерін, серуенді өткізуді, күндізгі ұйқыны ұйымдастыруды, яғни балалардың үйге қайтуына дейін күн тәртібінің орындалуын қамтамасыз етеді. Циклограмманың құрылымы **күн тәртібіне** сәйкес құрылған. Циклограмманы жоспарлауға қойылатын талаптар, аптаның әрбір күніне перспективалық жоспардағы ұйымдастырылған іс-әрекеттердің міндеттеріне сәйкес балалармен өткізілетін әрекет түрлерін анықталған; әрбір әрекет түрлерін өткізуде бағдарлама мазмұнын жүйелілік пен сабақтастық қағидасын сақтай отырып балаларды тәрбиелеу мен оқытуда инновациялық технологияларды, әдістер мен тәсілдерді қолдану, әрбір балалар әрекетін ұйымдастыру үшін жайлы заттық дамытушы ортаны (орталықтарға бөлу және оның балаларға қолжетімді болуын қарастыру, оның мүмкіндіктерін барынша қолдану) құрылған.

2020-2021,2021-2022 оқу жылдарында топтарда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қараша № 604 бұйрығымен бекітілген «Білім берудің барлық деңгейдегі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (05.05.2020 жылғы №182 бұйрығымен енгізілген өзгерістер мен толықтырулар) және «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына(ҚРБҒМ 2020 жылғы 12 мамырдағы № 195 бұйрық өзгерістер мен толықтырулар), Қазақстан Республикасы мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды даярлық сыныптарында 2020-2021 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы» әдістемелік ұсынымдарына сүйене отырып әр топтың оқу жоспары әзірленді.Оқу жұмыс жоспары 2020 жылдың 31 тамызында №1 педагогикалық кеңесте бекітілді.

2020-2021,2021-2022 оқу жылында оқу жоспарын құруда оқу жұмыс жоспарлары ҚР БҒМ 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығы (**өзгеріс:12.05.2020.№195 бұйрық**)бойынша талапқа сай құрылды.

2020-2021,2021-2022 оқу жылдарында оқу жүктемесінің көлемі ортаңғы топтарда -12 сағат,оның ішінде вариативтік бөлім -1 сағат,ересек топтарында-14 сағат,оның ішінде вариативтік бөлім -2 сағат.

«Қарлығаш» бөбекжай-балабақшасы өзін-өзі бағалау кезінде тексерілген екі оқу жылы мен ағымдағы жылдың оқу жоспарларының құрылуы аудандық білім

бөлімімен келісілген, балабақша меңгерушісі бекіткен, үлгілік оқу жоспарына сәйкес келеді.

Қазақстан Республикасы Білім
және Ғылым министрінің
2012 жылғы 20 желтоқсандағы
№557 бұйрығына
1-қосымша

Мектепке дейінгі ұйымның оқу жоспары

№	Білім беру салалары	ҰОҚ мазмұны	Апталық жүктеме			Жылдық ҰОҚ		
			Кіші топ	Ортаңғы топ	Ересек топ	Кіші топ	Ортаңғы топ	Ересек топ
	Денсаулық		3,0	3,0	3,0	108	108	108
		1.Дене шынықтыру	3,0	3,0	3,0	108	108	108
	«Қатынас»		1,0	2,0	2,5	36	54	90
		1.Сөйлеуді дамыту	0,5	1,0	1,0	18	36	36
		2.Көркем әдебиет	0,5	0,5	1,0	18	18	36
		Қазақ(орыс тілінде оқытылатын топтарда) Орыс(қазақ тілінде оқытылатын топтарда)	-	0,5	0,5	-	-	18
	Таным		2,0	2,5	2,5	72	90	90
		1.Математика негіздері	-	1	1	-	36	36
		2.Сенсорика	0,5	-	-	18	-	
		3.Құрастыру	0,5	0,5	0,5	18	18	18
		4.Жаратылыстану	1	1	1	36	36	36
	Шығармашылық		3,0	3,0	3,5	108	108	126
		1.Сурет салу	1,0	1,0	1,0	36	36	36
		2.Мүсіндеу	0,25	0,25	0,5	9	9	18
		3.Аппликация	0,25	0,25	0,5	9	9	18
		4.Музыка	1,5	1,5	1,5	54	54	54

«Әлеумет»		-	0,5	0,5	-	18	18
	2.Қоршаған ортамен таныстыру.	-	0,5	0,5	-	9	9
Ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі		9	11	12	324	396	432
Вариативтік компонент		-	1	2	-	36	72
Барлығы:			12	14	324	432	504
Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы:		10-15 минут	15-20 Минут	20-25 минут			

Ортаңғы топ (Вариативтік бөлім)

№	Тобы	Таңдау курстары	Апталық жүктеме	Жылдық ҰОҚ
1	«Ақбота» тобы	«Ертегілер елінде»	1	36

Ересек топ (Вариативтік бөлім)

№	Тобы	Таңдау курстары	Апталық жүктеме	Жылдық ҰОҚ
1	«Күншуақ»тобы	«Байқампаздар әлемі»	1	36
		«Өнерлі екен он саусақ»	1	36
Жиыны			2	72

2022-2023 оқу жылы топтарда Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді

мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – Үлгілік оқу жоспарлары), «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына (бұдан әрі – Үлгілік оқу жоспары); (2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығымен енгізілген өзгерістер толықтырулар) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік оқу бағдарламасы) сүйене отырып әр топтың оқу жоспары әзірленді. Оқу жылының ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі бөбекжай-балабақшасы меңгерушісімен бекітілген, ҚР МЖМБС талаптарына сәйкес жасалған. Балалардың жас ерекшеліктері ескеріле отырып, әртүрлі жастағы принцип бойынша қалыптасқан. Оқу жұмыс жоспары №1 педагогикалық кеңесте бекітілді.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығына қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына 1-қосымша. Қараша айынан бастап оқу жұмыс жоспары жоғарыда көрсетілген Үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес қайта өзгертіліп, толықтырылды.

Қазақстан Республикасы Білім және
ғылым министрінің
2012 жылғы 20 желтоқсандағы
№ 557 бұйрығына 1-қосымша

Бөбек жасындағы балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары

Рет	Ұйымдастырылған іс-әрекет*	Жас топтары
		Кіші топ (2 жастағы балалар)
1	Дене шынықтыру	Аптасына үш рет
	Дене шынықтыру**	Күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	күн сайын
3	Сенсорика	Күн сайын
4	Қоршаған ортамен таныстыру	Күн сайын
5	Сурет салу	Күн сайын
	Мүсіндеу	Күн сайын
	Жапсыру	Күн сайын
	Құрастыру	Күн сайын
6	Музыка	Аптасына бір рет
	Музыка***	Күн сайын
7	Арнайы түзетуші іс-әрекет	Күн сайын

Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары.

Рет	Ұйымдастырылған іс-әрекет*	Жастоптары	
		ортаңғы топ (3 жастағы балалар)	ересек топ (4 жастағы балалар)
1	Дене шынықтыру Дене шынықтыру**	аптасына үш рет күн сайын	аптасына үш рет күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	Күн сайын	Күн сайын
	Қазақ тілі Қазақ тілі ***	аптасына 1 рет күн сайын	аптасына 1 рет күн сайын
3	Сауат ашу негіздері	-	-
4	Математика негіздері	Күн сайын	Күн сайын
5	Қоршаған ортамен таныстыру	Күн сайын	Күн сайын
6	Сурет салу Мүсіндеу Жапсыру Құрастыру	Күн сайын	Күн сайын
7	Музыка Музыка ***	Аптасына бір рет Күн сайын	аптасына 2 рет
8	Арнайы түзетуші іс-әрекет*****	Күн сайын	Күн сайын

4.2. Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттар.

Оқу жұмыс жоспарындағы сағаттар 2020-2021, 2021-2022 оқу жылдарында оқу қызметінің кестесінде толық көрсетілген. Оқу жүктемесінің көлемі кіші топта 9 сағат, орта топтарда -12 сағат, оның ішінде 1 сағат вариативтік бөлім болса ересек топтарда -14 сағат, оның ішінде 2 сағат вариативтік бөлім. ҰОҚ күн тәртібіне және оқу жұмыс жоспарына сәйкес келеді.

2022-2023 оқу жылында тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту мына бағыттар бойынша: физикалық даму, балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру келесі ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылды, дене шынықтыру; сөйлеуді дамыту; көркем әдебиет; сауат ашу негіздері; қазақ тілі; сенсорика; математика негіздері; құрастыру; қоршаған ортамен таныстыру; сурет салу; мүсіндеу; жапсыру; музыка. Стандарт талаптарына сәйкес әзірленген Үлгілік оқу жоспарларында балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекеттер берілді.

5. Оқу-материалдық активтер.

5.1. Ғимарат туралы мәлімет

Мектепке дейінгі ұйымының негізгі ғимараты 2010 жылы салынған. 1 қабатты, іші жарық, тоқ, жылу жүйесі, қанағаттанарлық күйде. Топтық және жатын бөлмелері 3 топқа арналған. Балабақша Ақтөбе облысының Темір ауданы Шұбарқұдық кентінде орналасқан.

Мекеменің жұмыс тәртібі: 5 күндік, демалыс күндері- сенбі, жексенбі және мейрам күндері. Жұмыс уақыты: 08.00- 18.00. Балабақшаның сыйымдылығы 75 орын. Күн тәртібі, сабақтар кестесі оқу жоспары мен СанЕмН талаптарына

сәйкес құрылған. Оқу сабақтарының кестесі балалардың жас ерекшелігіне байланысты жасалған. Оқыту мен тәрбиелеу мемлекеттік тілде жүргізіледі. Мектепке дейінгі ұйымының меншік иесі құқығына иелік ететін құжаты бар Тұрақты жер пайдалану актісі бар (*қосымша №7*), жер учаскесінің кадастрлық нөмірі 02-031:017:000:(26:124Д:10699) Жалпы алаң: 744,70ш.м. Мектепке дейінгі ұйымның ғимараты орталық жылу қазандығымен жылытылады.

Мектепке дейінгі ұйымның жаңа оқу жылына дайындығы туралы актісі бар. Санитарлық-эпидемиологиялық, өрт қауіпсіздігі қызметтерінің қорытындысы мен тексерілген актілері бар. Мектепке дейінгі ұйымның ішкі және сыртқы келбеті СанЕМН талаптарына сай. Стандарт жүйесіне байланысты еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында мектепке дейінгі ұйымда толыққанды жұмыс жақсы жүргізілген. Мекеменің қауіпті жағдайларда эвакуациялау жоспары ғимарат ішінде белгіленген. Жұмысқа жаңа қабылданған қызметкерлерге алғашқы кіріспе нұсқулықтар оқылады. Әрбір тоқсан сайын қызметкерлермен қауіпсіздік нұсқаулықтарды сақтау туралы кеңес өткізіліп, журналдарға қол қойылып отырады. Балалар мен қызметкерлердің жарақаттануы тіркелмеген. Мекемеде өрт қауіпсіздігі жөнінде, еңбек қауіпсіздігі жөнінде, балалардың өмір қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау жөнінде нұсқаулықтардың барлығы бар, құжаттары талапқа сай жүргізілген. Балабақшада балалар 3 мезгіл тамақтанады.

Балабақшада 3 топ жұмыс істейді: 3 топ қазақ тілінде тәрбие және оқыту. Балабақшаның ең жақын әлеуметтік-мәдени ортасы - № 3 орта мектеп. Ақтөбе облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасымен 19.04.2012жылғы №AK10559DD медициналық қызметпен айналысуға Мемлекеттік лицензиясы бар. №001 қосымшаға сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарда мынадай қызмет түрлеріне медициналық қызметтер көрсетіледі: алғашқы медициналық-санитариялық көмек, дәрігерге дейінгі көмек.

Іс жүргізу және көрнекі ақпаратты ресімдеу қазақ тілінде жүзеге асырылады. Ұйымда дара басшылық және өзін-өзі басқару қағидаттары негізінде басқару құрылымы құрылды. Лауазымдық міндеттер бөлінді, қызметкерлердің барлық санаттары үшін лауазымдық нұсқаулықтар жасалды.

5.2.Жиһаз және жабдықтармен қамтылу туралы ақпарат

Пәндік –кеңістік дамытушы орта-бұл баланың психикалық әл-ауқатының қауіпсіздігіне,оны дамыту мақсаттарына сәйкес кеңістікті ұйымдастыру және жабдықтар мен басқа жарақтарды пайдалану болып келеді.Балалардың тұлғалық,зияткерлік және эмоционалдық дамуын қамтамасыз ететін жағдайлар жүйесі-пәндік- кеңістік дамытушы ортаны ұйымдастыруда Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға мундетті стандартының» 1-тарауы 2-тармағы 6 тармақшасы *«заттық-кеңістік дамытушы орта – мектеп жасына дейінгі балалардың тұлғалық,зияткерлік және эмоционалдық дамуын қамтамасыз ететін жағдайлар жүйесі »* негізге алынды.Жалпы 3 топқа арналған ойын, жатын бөлмелері, дәретхана, 3 қабылдау бөлмесі, медбике, кір жуатын бөлме және асхана мен қойма бөлмелерісанитарлық нормаға сәйкес ұйымдастырылған. Меңгеруші,әдіскер, шаруашылық меңгерушісінің бөлмелері бар. Барлық оқу жылы бойынша жаңа оқу жылына дайындық туралы актілер бар. Бөбекжай-балабақшасының материалдық базасы СанЕМН талаптарына сай 75

тәрбиеленушілерге арнайы жабдықталған. Балабақшаның әр топтарында балалардың киімдеріне, оқу құралдарына арналаған шкафтармен, отыратын үстел, столдарымен жабдықталған. Балаларды қабылдау бөлмесі бар. Жатын бөлмесі – талапқа сай керуеттер, төсектерімен жабдықталған. Тәрбиеленушілерге арналған көркем әдебиеттер, ертегілер, әдістемелік құралдар жинақталған. «Қарлығаш» бөбекжай-балабақшасында Қазақстан Республикасы рәміздерімен жабдықталған. Елтаңба мен ту мекеме басшысының кабинетінде талапқа сай орналастырылған.

Балалабақшада 5 білім беру саласы бойынша бұрыштар жинақталған, балалардың қолайлы білім алуына қолайлы жағдай жасалған. Балабақшада компьютер, принтер, переплет аппараты, ламинат аппараты, сканер, ксерокөшірме, проектор, кварц бар. Дәліздерде жол ережесі, өрт қауіпсіздігі, сауықтыру-шынықтыру шараларының, ата-аналарға арналған бұрыштармен жабдықталған.

Балабақшада әр баланың жеке тұлға боп дамуына жағдай жасалынған. Көрме, сайыстар (балалардың ата-аналармен біріккен суреттерінің және қол еңбектерінің көрмелері) ұйымдастырылады. Әр топта баланың дамуына оның жасы, психофизикалық дамуына жағдай жасалған. Барлық жабдықтар және ойын құралдары аймақтарда дұрыс орналасқан. Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаға қойылатын жалпы қауіпсіз, қолжетімді орналасқан, әртүрлі, мазмұнды, өзгермелі талаптар сақталған, танымдық ойыншықтар, қарапайым пазлдар, зерттеушілік қызығушылығын белсендіретін қозғалмалы ойыншықтар, қимылды ойындарға қажетті құралдар, оның ішінде ірі және ұсақ моториканы дамытатын ойын құралдары, жұмсақ модульдер, қауіпсіз табиғи материалдардан жасалған ойыншықтармен жабдықталған. Дамытушы ойыншықтар, құрастыруға арналған жинақтар, сурет салуға арналған құралдармен және соған лайық жайлы орындармен толықтыру, қол еңбегіне арналған құралдар мен ойыншықтар, театрландырылған ойынға арналған жинақтар, қуыршақтар, түрлі машиналар, танымдық қызығушылығын жетілдіруге арналған табиғи материалдар, шағын модельдер, алғашқы математикалық ұғымдарды игеруге ықпал ететін әртүрлі материалдар, кітаптар, боямақтар, оқу құралдары, балалар энциклопедиялары, ғаламшардың жануарлары мен өсімдіктер әлемі туралы иллюстрацияланған басылымдар, балалар журналдары, альбомдар, суреттер мен карточкалармен жабдықталған. Топтарды безендіру баланың эстетикалық, патриоттық дамуына әсерін тигізеді. Барлық топтарда жас ерекшеліктеріне сай үлгілер, түрлі бағыттағы көркем сурет, ұлттық колөнер заттары бар. Балалардың сурет салуға, мүсіндеуге қарындаштары, қағаздары, ермексаздары, әртүрлі бояулары қолжетімді орналасқан бұрыштары бар. Топтарда музыкалық бұрыш бар. Театрланған әрекеттер үшін түрлі жабдықтар (қуыршақтар, театрлық костюмдер, шымылдық), театрдың бірнеше түрі (көлеңкелік, үстелдік және т.б.) бар. Педагогтармен жоспарлы сюжетті-рөлдік қойылым көрсетіледі. Бұл балалардың адамгершілік құзыреттіліктерін дамытады. Экологиялық орталықта экологиялық мәдениетті дамытуға арналған көрнекі құралдар (альбомдар, сурет жинақтары, дидактикалық ойындар және т.б.) сияқты иллюстративті материалдар; көгалдандыру бұрыштары (үй өсімдіктері) бар, (лото, домино, сурет жиынтықтары) әр түрлі сюжетті ойын жиынтықтары және қуыршақтар мен әртүрлі пішіндегі жануарлар, ойыншық жинақтар, ойыншық телефон сияқты және балалардың әр түрлі кәсіп түріне бейімделіп дамуына арналған «Дүкен»,

«Шаштараз», «Аурухана» және т.б. тақырыптары бойынша түрлі жиынтықтар бар. Серуен кезінде ойнауға арналған (шелек, күрек, түрлі пішіндер, қалақтар, шана, сырғанақ, велосипедтер т.б.) ойыншықтары бар. Орталықтағы ойыншықтардың барлығы тақырыпқа сай орнатылған, әрбір бала өзіне ұнаған ойыншықты алып, басқа балаларға кедергі жасамайды. Әрбір топта осы балабақшамыздың қызметкерлері дайындап жасаған (ой қабілетін, қол саусақтарын дамытуға) дидактикалық материалдар бар. Топтарда балалардың құрастыру қызметін дамытуға арналған барлық жағдай жасалған. Сонымен қатар ұсақ және ірі құрылыс материалдары, түрлі құрастырғыштар, түрлі құрылыс схемалары, сызбалары, мозайкалар бар.

Әр топтың ойын алаңы бар, алаңдарда әткеншектер, сырғанақтар, турниктер, беседкалар, құмсалғыштар бар.

4 қосымша сайтқа жүктелді <https://karlygash-temir.edu.kz>

6. Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры.

Ақпараттандырудың негізгі мақсаты білім беру процесінің барлық қатысушыларының ақпараттық мәдениетін арттыру және АКТ пайдалану арқылы білім беру сапасын арттыру болып табылады.

Балабақша техникалық оқыту құралдарымен және компьютерлік техникамен жабдықталған.

МДҰ-да ақпараттық-коммуникациялық технологиялар кеңінен қолданылады. Интернетке шығу меңгерушінің кабинетінде, әдістемелік кабинетте, бухгалтер кабинетінде болады.

Компьютерлік техниканы және интернет байланысын пайдалану тәрбие-білім беру процесінің тиімділігін арттырады, педагогтердің тәжірибесіне заманауи әдістемелік әзірлемелер мен оқу құралдарын енгізуге мүмкіндігі бар. МДҰ педагогтерінің 100%-ы компьютерлік техниканы меңгерген, интернет ресурстармен жұмыс істеу дағдылары бар. Барлық педагогтар, мамандар, медицина қызметкерлері компьютерлік техникаға еркін қол жеткізе алады.

МДҰ-дағы барлық құжат айналымы электрондық түрде жүргізіледі (Microsoft Office Word, Excel).

Әдістемелік кабинетте компьютер, принтер, сканер, переплет, ламинатор бар. Музыкалық залда видеопроектор бар.

Балабақшаның әдістемелік кабинеті оқу-әдістемелік әдебиеттермен, мерзімді басылымдармен, балалар көркем әдебиетімен жабдықталған. Бағдарламаларды жүзеге асыру үшін көрнекі және дидактикалық материалдар жиынтығы бар. Әдістемелік ұсынымдар, перспективалық жоспарлау, сабақтарды, жобаларды бос уақытты әзірлеу жинақталған. Әдістемелік әдебиеттер білім беру салалары мен кіші салалары бойынша жүйеленген. Жыл сайын кітапхана мерзімді басылымдар есебінен толықтырылып отырады. Оқыту бейнематериалы, электрондық тасығыштардағы фонотека бар.

Әдістемелік әдебиеттердің сандық және сапалық құрамы білім беру процесін қолданыстағы білім беру стандартына сәйкес жүргізуге мүмкіндік береді. Мектепке дейінгі ұйым бағдарламалармен, оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілген.

Әдістемелік құралдар, дидактикалық ойындар, альбомдар, демонстрациялық материалдар, картиналар, үлестірме материалдар бағдарламаның негізгі білім

беру салалары бойынша барлық бөлімдеріне бар: "Қатынас", "Таным", "Әлеумет", "Шығармашылық", "Денсаулық".

Балалар әдебиеті авторлардың тегі бойынша алфавиттік ретпен бөлінген. Сондай-ақ тақырыптық жинақтар да бөлінген: ертегілер, жануарлар туралы, халық кәсіпшілігі туралы әңгімелер және т. б.

Әр жас тобында әдістемелік және балалар көркем әдебиетінің шағын кітапханасы бар.

5 қосымша сайтта жүктелді <https://karlygash-temir.edu.kz/>

7.Тәрбиеленушілердің білімдерін бағалау

7.1.Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің оқыту нәтижелерінің болуы.

Мектепке дейінгі ұйымның білім беру процесінің тиімділігі, сондай-ақ баланың даму динамикасы туралы ақпарат алу үшін диагностика негізінде Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізілді (бастапқы қыркүйекте аралық-қаңтарда және қорытынды-мамыр айында). Мониторингтің мақсаты: - баланың жетістіктерін қадағалау;

- балаларды тәрбиелеу мен дамытуда жеке тәсілдерді қамтамасыз ету;
- түзету іс-шараларын жедел жоспарлау негізінде білім беру процесін жетілдіру;
- баланың Бағдарлама мазмұнын меңгеру деңгейін анықтау.

Нәтижелер «Бақылау парағында» толтырылған.Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке даму жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелерінің яғни, балабақшаның барлық топтардың тәрбиеленушілерінің тізімі жасақталған.

7.2.Тәрбиеленушілердің даму мониторингінің (бастапқы) нәтижелерінің болуы және талдауы.

Ақтөбе облысының бас мемлекеттік санитарлық дәрігері Н.Беркимбаевтың 2020 жылғы 15 мамырдағы №ПГСВ-27 Қаулысының және Ақтөбе облысының білім басқармасы басшысының орынбасары С.Сулеймонованың 2020 жылғы 11 мамырдағы №5-11-3/1721-И шығыс хатының негізінде балабақшада санитарлық нормаларды сақтай отырып кезекші топтар жасақталды,әр топқа 15 баладан қабылданды.

Жиынтық есеп				
«Қарлығаш» балабақшасының 2020-2021 оқу жылындағы балалардың білімдері мен дағдыларының дамуының бастапқы бақылау нәтижесі бойынша				
Топтың атауы	Бала саны	I -деңгей	II деңгей	III деңгей
«Балапан» тобы	15	13	2	0
«Ақбота» тобы	15	10	5	0
«Күншуақ» тобы	15	3	8	4
Барлығы	45	26	15	4
		Төмен деңгейдегі балалардың үлесі 58%	Орташа деңгейдегі балалардың үлесі 33%	Жоғары деңгейдегі балалардың үлесі 9%

«Қарлығаш» балабақшасының меңгерушісі:  Күлмағанбетова З.Б.

Жиынтық есеп
«Қарлығаш» балабақшасының 2021-2022 оқу жылындағы балалардың біліктері мен дағдыларының дамуының
бастапқы бақылау нәтижесі бойынша

Топтың атауы	Бала саны	I - деңгей	II деңгей	III деңгей
«Балапан» тобы	22	8	10	4
«Ақбота» тобы	23	7	12	4
«Күншуақ» тобы	25	25	0	0
Барлығы	70	40 Төмен деңгейдегі балалардың үлесі 57,1%	22 Орташа деңгейдегі балалардың үлесі 31,4%	8 Жоғары деңгейдегі балалардың үлесі 11,4%

«Қарлығаш» балабақшасының меңгерушісі:  **Кулмағанбетова З.Б.**

Жиынтық есеп
«Қарлығаш» балабақшасының 2022-2023 оқу жылындағы балалардың біліктері мен дағдыларының дамуының
бастапқы бақылау нәтижесі бойынша

Топтың атауы	Бала саны	I - деңгей	II деңгей	III деңгей
«Балапан» тобы	26	0	19	7
«Ақбота» тобы	25	25	25	0
«Күншуақ» тобы	25	12	13	0
Барлығы	76	37 Төмен деңгейдегі балалардың үлесі 48,6%	57 Орташа деңгейдегі балалардың үлесі 75%	7 Жоғары деңгейдегі балалардың үлесі 9,2%

«Қарлығаш»бөбекжай- балабақшасының меңгерушісі ма:  **Г.Б. Куркембаева**

7.3.Үлгілік оқу бағдарламасына қосымшаға сәйкес балалардың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингтеу нәтижелерінің болуы және талдауы

Жиынтық есеп
«Қарлығаш» балабақшасының 2020-2021 оқу жылындағы балалардың біліктері мен дағдыларының дамуының
қорытынды бақылау нәтижесі бойынша

Топтың атауы	Бала саны	I - деңгей	II деңгей	III деңгей
«Балапан» тобы	16	2	12	2
«Ақбота» тобы	15	1	8	6
«Күншуақ» тобы	15	0	7	8
Барлығы	46	3 Төмен деңгейдегі балалардың үлесі 6,5%	27 Орташа деңгейдегі балалардың үлесі 58,7%	16 Жоғары деңгейдегі балалардың үлесі 34,7%

«Қарлығаш» балабақшасының меңгерушісі:  **Кулмағанбетова З.Б.**

Жиынтық есеп
«Қарлығаш» балабақшасының 2021-2022 оқу жылындағы балалардың білістері мен дағдыларының дамуының қорытынды бақылау нәтижесі бойынша

Топтың атауы	Бала саны	I - деңгей	II деңгей	III деңгей
«Күншуақ» тобы	25	6	15	4
«Балапан» тобы	24	1	15	8
«Ақбота» тобы	20	0	7	13
Барлығы	69	7	37	25
		Төмен деңгейдегі балалардың үлесі 10%	Орташа деңгейдегі балалардың үлесі 53%	Жоғары деңгейдегі балалардың үлесі 36%

«Қарлығаш» балабақшасының меңгерушісі:  Кулмағанбетова З.Б.

8.Білім беру процесіне қатысушылардың және т.б. сауалнамасы

Ұсынылатын білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау үшін «Қарлығаш» бөбекжай-балабақшасының «Балапан» ересек тобының ата-аналарынан және балабақша педагогтарынан сауалнама алынды. Сауалнама телеграмм каналда Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету Департаменті маманының қатысуымен өткізілді. Сауалнамаға 23 ата-ана және 9 педагог түгел қатысты. Сауалнама нәтижесі шығарылды, балабақша сайтына жүктелді.

Ата-аналардан алынған сауалнама нәтижесі

Сауалнама сұрақтары	Келісе-мін	Толық келісе-мін	Келіс пей-мін	Толық келіс-пеймін
1. Сіздің балаңыз балабақшаға қуана барады	7/30%	13/57%	2/9%	1/4%
2. Топта баланың оқуы мен өмірі үшін қолайлы атмосфера бар	6/26%	15/65%	2/9%	
3. Сіз топ тәрбиешілерінің қызметіне қанағаттанасыз	6/26%	16/70%	1/4%	
4. Сіз мектепке дейінгі ұйымның басқа мамандарының (музыкалық жетекші, қазақ, орыс тілі педагогы, педагог-психолог, арнайы педагог) қызметіне қанағаттанасыз	8/35%	14/61%	1/4%	
5. Мұғалімдер этика нормаларын, педагогикалық әдептілік пен балалармен қарым-қатынастағы әділеттілікті сақтайды	9/39%	13/57%	1/4%	
6. Сіз балаңыздың дамуын байқайсыз ба?	8/35%	14/61%	1/4%	
7. Мектепке дейінгі ұйымның оқыту және тәрбие жұмысы баланы мектепке дайындауға ықпал етеді	9/39%	13/57%	1/4%	
8. Балалардың тамақтануы талапқа сай және мектеп жасына дейінгі балалар үшін теңдестірілген	9/39%	13/57%	1/4%	
9. Сіз балаңыздың жетістіктері мен мінез құлқы туралы ақпараттандыру сапасына қанағаттанасыз	10/43%	13/57%		
10. Топ ата-аналарымен мектепке дейінгі ұйым мамандары: медицина қызметкері, психолог, қазақ немесе басқа тіл мұғалімі, музыка жетекшісі және т. б. балаңызды дамыту, тәрбиелеу және оқыту мәселелерінде консультациялық көмек көрсетіледі.	10/43%	11/48%	2/9%	
11. Сіз балабақша жұмысын ұйымдастыруға қуаныштысыз	14/61%	9/39%		
12. Сіз мектепке дейінгі ұйымға материалдық көмек көрсетесіз бе?	10/43%	3/13%	9/39%	1/4%
13. Егер сізде шағымдар болса, сіз білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету Департаментіне жүгіне аласыз.	19/83%	3/13%	1/4%	

Педагогтардан алынған сауалнама нәтижесі

Сауалнама сұрақтары	Келісе мін	Толық келісе- мін	Келіс пей- мін	Толық келіс пеймін
1.Мектепке дейінгі ұйымның жұмысы уақыт талаптарына сәйкес келеді, инновация режимінде өтеді	3/33%	6/67%		
2. Педагогтерге білім беру процесіне белсенді қатысу және біліктілігін арттыру үшін жағдайлар жасалған	4/44%	5/56%		
3.Педагогтар тиімді әдістемелік көмек алады	6/67%	3/33%		
4. Мұғалімдер эмоционалды-психологиялық қолдау алады	5/56%	4/44%		
5. Оқыту мен тәрбиелеудің сапалы процесін ұйымдастыру үшін жағдайлар жасалған	6/67%	3/33%		
6. Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарынан уақтылы өтуі үшін жағдайлар жасалған	1/11%	8/89%		
7. Еңбек жағдайлары Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің талаптарына сәйкес келеді	1/11%	8/89%		
8. Әкімшіліктің жұмыс стилі мұғалімдердің өзін-өзі дамытуына және өзін-өзі бекітуіне ықпал етеді	1/11%	8/89%		
9. Тәрбиеленушілер, ата-аналар, мұғалімдер арасындағы жанжалдардың алдын алу және шешу бойынша тиімді жұмыс жүргізілуде	4/44%	5/56%		
10. Оқу-материалдық база тәрбиеленушілердің дамуына жағдай жасауға ықпал етеді	6/67%	3/33%		
11. Ұжымда қолайлы моральдық-психологиялық ахуал бар	2/22%	7/78%		
12. Тамақтану сапасы талапқа сай және мектеп жасына дейінгі балалар үшін теңдестірілген		9/100%		
13. Әріптестер мейірімді және әрқашан көмектесуге дайын		9/100%		
14. Сапалы оқыту процесін жүргізу үшін оқу-әдістемелік және техникалық құралдар базасы құрылды	7/78%	2/22%		
15. Әр мұғалімнің кәсіби және шығармашылық өсуіне жағдай жасалған	4/44%	5/56%		
16. Мектепке дейінгі ұйым әкімшілігі жұмыста педагогтарды көтермелеуді қолданады	2/22%	7/78%		
17. Ата-аналар топ педагогтарының жұмысына қанағаттанады	7/78%	2/22%		
18. Мектепке дейінгі ұйымда ереже белгіленген-тексерушілер үшін ақша жиналды			2/22%	7/78%
19.Егер шағымдар болса, білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету Департаментіне жүгіну мүмкіндігі бар	8/89%	1/11%		

9.Кемшіліктер мен ескертулер,оларды шешу жолдары

Педагогтер жақсы шығармашылық әлеуетке ие, үнемі тәрбие - білім беру процесін жетілдіру жолдарын іздеуде.

Мектепке дейінгі ұйым, отбасы және қоғам арасындағы бірыңғай білім беру кеңістігінде өзара әрекеттесудің инновациялық формаларын қолдану білім беру процесінің тиімділігіне оң әсер етеді.

Балабақшаның пәндік – дамытушылық ортасын жаңғырту және МДҰ-ның компьютерлік базасы мен бағдарламалық қамтылымын жаңарту бойынша жұмысты жалғастыру қажет.

Озық педагогикалық тәжірибені зерттеу және насихаттау қажет.

10.Қорытынды мен ұсыныстар.

Ұсыныстар:

- 1.Педагогтардың квалификациялық деңгейін көтеру жұмыстары жүргізілсін.
- 2.Оқу-тәрбие үдерісіне жаңа технологиялар мен әдістерді қолдануды, педагогтардың облыстық, республикалық байқауларға қатысуын жалғастыру.

Қорытынды:

Мектепке дейінгі ұйымның басқару қызметі «жақсы» деп бағалансын.
Комиссия МКҚК «Қарлығаш» бөбекжай-балабақшасында өткен өзін-өзі аттестаттауды негізге ала отырып, төмендегідей шешім қабылдады:
1. «Қарлығаш» бөбекжай-балабақшасы «мектепке дейінгі ұйым» мәртебесіне сай деп есептелінсін.

Комиссия төрайымы:

«Қарлығаш» бөбекжай-балабақшасының
меңгерушісі м.а.  Т.Б.Куркембаева


Комиссия мүшелері:

«Қарлығаш» бөбекжай-балабақшасының
тәрбиешісі:  Кулшина Ардак Абдрахмановна

«Қарлығаш» бөбекжай-балабақшасының
тәрбиешісі:  Жұбанова Гүлжан Ермековна

Балабақша музыка жетекшісі :  Болатбаева Самал Болатбайевна

Балабақша медбикесі:  Жұбанғарина Ақнұр Омаровна

Хатшы:  Шоқпарова Жанар Оразғалиевна

Білім беру ұйымдарын
бағалау өлшемшарттарының
4-қосымшасы

Бағалау парағы
«Қарлығаш» бөбекжай-балабақшасы
(білім беру ұйымының аталуы)

р/с №	Бағалау өлшемшарттары	Білім беру ұйымынатиісті өлшеуішті бағалау мазмұны	Балдары
1	Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі	100%	5
2	Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтердің (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей)үлесі	95-99%	4
3	Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі	100%	5
4	Білім беру ұйымының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 тіркелген) сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылуы	100%	5
5	Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23513 тіркелген) сәйкес жағдай жасау	95-99%	4
6	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20708 тіркелген) сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарға арналған оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету	100%	5
7	Жас топтары толықтырылуының сәйкестігі (топтар бөлінісінде)	100%	5

8	Ата-аналардың сауалнама нәтижелерін талдау	90	4
9	Педагогтердің сауалнама нәтижелерін талдау	100	5
	Балдардың жалпы сомасы		40

Балабақша меңгерушісі міндетін атқарушы Куркембаева Г.Б.

